

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 тамыздағы № 712 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9,65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 11, 67-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 3, 13-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 3, 13-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 48-құжат; 2015 жылғы 17 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан

Республикасының бітімгершілік қызметі мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 15 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы, 2015 жылғы 22 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес білім беру ұйымдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы, 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) мемлекеттік органның шетелдік қызметкері – Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұратын және мемлекеттік органға жұмысқа қабылданған шетелдік ;  
» ;

2) 26-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың ережелері мемлекеттік органның шетелдік қызметкерлеріне қ о л д а н ы л м а й д ы . » ;

3) 29-баптың 1-тармағында :

2) тармақшаның үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«мемлекеттік органдарға жұмысқа тартылатын шетелдік жұмыскерлер.»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) шетелдік жұмыс күшін тартуға, шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға жергілікті атқарушы орган берген рұқсаттардың не еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары берген рұқсаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін мерзімдері шегінде, сондай-ақ, мемлекеттік органның шетелдік қызметкерімен жасалған шартта айқындалған мерзімдерде жасалуы мүмкін.»;

4) 31-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Мемлекеттік органға шетелдік қызметкерлерді тарту барысында еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасының Үкіметімен а й қ ы н д а л а д ы . » ;

5) 36-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Осы баптың ережелері сынақ мерзімін белгілеу тәртібі мен шарты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалатын мемлекеттік қызметке кіретін азаматтарға қолданылмайды.»;

6) 61-бапта :

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) белгіленген тәртіппен шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алмай немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулерді немесе алып

тастауларды сақтамай, шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдар мен еңбек шарты ж а с а л ғ а н . » .

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 33-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат):

1 ) 1 2 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына немесе олармен байланысы бар ұйымдарға жұмысқа тартылатын шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен міндетті арнайы тексеру жүргізуге.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ұлттық қауіпсіздік органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жұмысқа шетелдікті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болған себепті түсіндірмеуге құқылы.»;

2) 17-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Іссапарға жіберілген қызметкердің ол іссапарға жіберілген мемлекеттік органның мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуы конкурстық іріктеуден тыс жүзеге асырылады.» .

3. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат, 2001 ж., № 15-16, 228-құжат ; 2002 ж., № 6, 71-құжат, 2003 жыл, № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 3, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжат; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 24, 144-

құжат; 2005 ж., № 1, 2-құжат):

1) 2 - б а п т а :

20) тармақша мындай редакцияда жазылсын:

«20) қызметтік тұрғын үй – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындауы кезеңінде, соның ішінде мемлекеттік қызметшілерді ротациялауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимдегі тұрғын үй;»;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) ведомстволық тұрғын үй қоры – мемлекеттік мекеменің балансында тұрған, ротация тәртібімен лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша, одан әрі жекешелендіру құқығынсыз, беруге арналған қызметтік тұрғын үй;»;

2) 13-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) ротация бойынша лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін орындау кезеңіне ведомстволық тұрғын үй қорынан берілген.»;

;

3) 67 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар осы баптың 3-1 және 3-2 тармақтарында көзделген жағдайды қоспағанда, осы мекеменің осы елді мекендегі тұрғын үйге мұқтаж жұмыскерлерінің пайдалануына беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Ведомстволық тұрғын үй қорының тұрғынжайы осы елді мекендегі тұрғын үйге мұқтаж ротация бойынша лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін орындау кезеңіне пайдалануға беріледі.»;

4) 109-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«2. Мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері мен судьялары, егер олар мемлекеттік қызметте, бюджеттік ұйымдарда, мемлекеттік кәсіпорындарда немесе судья лауазымында (мемлекеттік сайланбалы қызметте болу мерзімін қоса алғанда) кемінде он жыл (жиынтығында) жұмыс істесе, сондай-ақ, егер еңбек қатынастары мынадай негіздер бойынша тоқтатылса, осы Заңмен көзделмеген тұрып жатқан қызметтік тұрғын үйдің қалған сомасы бойынша жекешелендіруге болады.»;

5) 110-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, соның ішінде ротация бойынша лауазымға тағайындалған «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілеріне еңбек

қатынастарының сипатына байланысты өз міндеттерін орындауы кезеңінде оларды қоныстандыруға арналған қызметтік тұрғын үйді беру және оны пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

б) 111-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 109-бабының 2-тармағында көзделген реттерді қоспағанда, еңбек қатынастарына байланысты тұрғын үй беріліп, ол қатынастарды тоқтатқан қызметкерлер, соның ішінде ротация бойынша лауазымға тағайындалған «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері өзімен бірге тұратын барлық адамдармен қоса басқа тұрғын үй-жай берілместен шығарылуға тиіс.».

4. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118-құжат; № 21, 122-құжат);

№

23,

143 - құжат);

11-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар;».

5. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжат; № 15, 92, 95-құжат; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжат; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; №

7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46 - құжат) :

29-баптың 1-тармағы 4) тармақшасының үшінші абзацы алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толтырылсын:

«29-1-бап. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аппарат басшысының құзыреті

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аппарат басшысы:

1) аппаратқа жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;  
2) өз құзыреті шегінде аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) аппараттың құрылымы мен штаттық кестесін, оның құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

4) аппараттың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымға тағайындайды және мемлекеттік лауазымнан босады;

5) аппараттың тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

б) қызмет тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) еңбек қатынастары мәселесі жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда аппараттың мемлекеттік қызметшілеріне іссапарлар, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу мәселелерін шешеді;

8) еңбек қатынастары мәселесі жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда аппараттың мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік атқарушы және өкілді органдарының қабылдаған шешімдерінің орындалу барысын бақылайды;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

38-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астана әкімі аппаратының құрылымын қоспағанда әкім аппаратының ережесі, оның құрылымы тиісті әкімдікпен бекітіледі.» .

6. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 51-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж.,

№ 9, 49-құжат; № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 24, 143, 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 16, 90-құжат; № 19-II, 96-құжат; № 21, 118-құжат;

№ 23, 138-құжат):  
1) 1-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Консулдық қызмет Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.»;

6-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Сыртқы істер министрлігінің кадрлық резерві – дипломатиялық қызмет органдарындағы бос лауазымдарға орналасуға үміткер бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымында болған адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылған жүйеленген тізімі.»;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

«8-2) барлық ресми істерді Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктермен, халықаралық ұйымдардың өкілдіктерімен, сондай-ақ консулдық мекемелермен жүргізу;»;

3) 9-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Дипломатиялық қызметке тағайындау осы Заңмен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген тәртіпте жүргізіледі.»;

4, 5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Шет елдегі жұмыстан кейін Қазақстан Республикасына оралған дипломатиялық қызметтің персоналы, егер ол осы Заңның 22-бабында көзделген жазаларға тартылмаған болса, бұрын Сыртқы істер министрлігінде атқарған лауазымынан төмен лауазымға ротация тәртібінде тағайындалады.

5. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке алғаш кірген адамдар үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңнамасымен айқындалатын тәртіпте міндетті сынақ мерзімі белгіленеді.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен көзделген жағдайларда, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған адамдар дипломатиялық қызмет органдарына қабылданбайды.»;

4) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Сыртқы істер министрлігінің кадрлық резерві

1. Дипломатиялық қызмет органдарындағы жұмысы тоқтатылған кезде дипломатиялық қызметтің персоналы Сыртқы істер министрлігінің кадрлық резервіне алынады. Сыртқы істер министрлігінің кадрлық резервіне алу тәртібі мен негіздемесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бекітеді.

2. Сыртқы істер министрлігінің кадрлық резервіне алынған адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сыртқы істер министрлігінің бос мемлекеттік лауазымына орналасуға арналған ішкі конкурсына қатысу құқығы сақталады.»;

5) 13-баптың 2-тармағында:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Дипломатиялық қызмет қызметкерін дипломатиялық дәрежесінен айыру немесе төмендету, сондай-ақ оның дәрежесін қалпына келтіру дәреже берілгендегідей тәртіппен жүргізіледі.»;

төртінші бөлік алып тасталсын.

6) 14-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Дипломатиялық қызмет органдарында бос лауазымдарға тұру осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.»;

7) 15-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы мынадай түрлерге бөлінеді:

1) сыртқы ротация – Сыртқы істер министрлігінен шет елдердегі мекемелерге және шет елдердегі мекемелерден Сыртқы істер министрлігіне, сондай-ақ шет елдердегі мекемелер арасында осы Заңмен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен көзделген жағдайларда конкурстық іріктеу жүргізусіз жүзеге асырылатын ауысу;

2) ішкі ротация – осы Заңмен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен көзделген жағдайларда конкурстық іріктеу жүргізусіз жүзеге асырылатын Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері арасында ауысу.

Сыртқы ротация тәртібінде орналасу мүмкін болатын лауазымдарды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі айқындайды.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың талаптары осы Заңның 15-2-бабында көзделген жағдайларға қолданылмайды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бекітетін белгілі бір тізбедегі шет елдердегі мекемелердің бос мемлекеттік лауазымына орналасуға арналған ішкі конкурсты үміткерлердің жоқ болу себебі бойынша өтпей қалды деп танылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі конкурстық іріктеу жүргізбей тиісті бос лауазымға тағайындау жүргізеді.»;

8) мынадай мазмұндағы 15-1 және 15-2-баптармен толықтырылсын:

«15-1-бап. Дипломатиялық қызметтің персоналын іссапарға жіберу



1. Дипломатиялық қызметтің персоналы дипломатиялық қызмет органдарының міндеттерін шешу үшін мемлекеттік органдарға, халықаралық және өзге де ұйымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

Іссапарға жіберілген адамның дипломатиялық қызметтің персоналы мәртебесі, сондай-ақ осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құқығы, кепілдігі, жеңілдіктері, өтемақылары, үстемеақылары, төлемдері, зейнетақымен қамсыздандыруы және әлеуметтік қорғалуы сақталады.

2. Дипломатиялық қызметтің персоналын іссапарға жіберу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

«15-2-бап. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне өзге мемлекеттік органдардың қызметкерлерін іссапарға жіберу

1. Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның уәкілеттік беруімен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан шет елдердегі мекемелерге іссапарға жіберу тәртібінде дипломатиялық қызмет персоналы лауазымына орналасуға жол беріледі.

2. Өзге мемлекеттік органдардан іссапарға жіберу тәртібінде шет елдердегі мекемелерге тағайындалған адамдарға осы Заңның 15-бабы 4-тармағында белгіленген дипломатиялық қызмет персоналының шет елдердегі мекемелердегі үздіксіз жұмыс мерзімі қолданылады.» ;

9) 16 және 17-баптар мынадай редакцияда жазылсын:  
«16-бап. Аттестация

Дипломатиялық қызметтің персоналы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес аттестаттаудан өтеді.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне іссапарға жіберілген дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен шет елдердегі мекемелерден оралғаннан кейін аттестаттаудан өтеді.» ;

«17-бап. Жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелерге жіберу

1. Дипломатиялық қызмет персоналы өз келісімімен кәсіби даярлықтан өту, көкейкесті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдап әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының не басқа елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне уақытша жіберілуі мүмкін.

2. Кәсіби даярлықтан өтуді, көкейкесті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдап әзірлеуді аяқтағаннан кейін дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурстық іріктеуге қатысу үшін СІМ кадрлық резервіне алынады.» ;

10) 18-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын;

11) 24-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

1 2 ) 2 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Шет елдердегі мекемелерге жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналының жұбайларына (зайыбына) көрсетілген тағайындау туралы шешім қабылданған сәтте мемлекеттік қызметтегі лауазымда болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте отбасының бірге жүруші мүшесі ретінде жұбайының/зайыбының шет елге шығу кезеңінде еңбекақысы сақталмайтын демалыс беріледі.»;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек жағдайларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен медициналық қамсыздандыру ұсынылады.»

3. Шетел мекемелерінде қызмет атқаратын дипломатиялық қызмет персоналы мен бірге тұратын отбасы мүшелерінің «Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне сәйкес белгіленген жыл сайынғы еңбек демалысын ұсыну немесе отбасының бір мүшесі қайтыс болған жағдайда екі жаққа көлік шығындарының төленуіне құқығы бар.»;

13) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«27-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын реттеу»

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен, осы Заңда көзделген ерекшеліктермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін шетелдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек жағдайларымен реттеледі.»

7. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжат; № 3, 21, 25, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 67-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат):

аталған Заңға қосымшадағы 1-тармақ мынадай редакциядағы 108) тармақшамен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«108) мемлекеттік қызметтер көрсету саласында.».

8. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5,41-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 114-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 143-құжат):

36-бап мынадай редакциядағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Мемлекеттік органдардың шетелдік қызметкерлеріне келуге визаны мемлекеттік орғандағы жұмысы туралы келісім-шарт (шарт) негізінде және әрекет ету мерзіміне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері береді.»;

9. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 5-6, 29-құжат; 2014 ж., № 19-I, № 19-II, 96-құжат):

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау – орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын сақтауын тексеру және мониторингілеу жөніндегі қызмет;»;

2) 7-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;»;

3) 5-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және оның қоғамдық мониторингі»;

4) 26 және 27-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды және оның қоғамдық мониторингін жүргізу

қағида ттары

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды және оның қоғамдық мониторингін жүргізу мынадай қағида ттарға негізделеді:

- 1 ) з а ң д ы л ы қ ;
- 2 ) о б ь е к т и в т і л і к ;
- 3 ) т у р а ш ы л д ы қ ;
- 4 ) а н ы қ т ы қ ;
- 5 ) ж а н - ж а қ т ы л ы қ ;
- 6 ) а ш ы қ т ы қ .

27-бап. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды жүргізу ерекшеліктері

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын сақтау жөніндегі қызметі мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады. » .

**2-бап.** Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*